

тағалаға деген сүйіспеншілікті, адам бойына лайықты сипаттарды, жақсы мен жаманның арасын ажырата отырып, даналықпен ұғындырады. Төртінші қара сөзінде «әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек» деп адамның әуелі Аллаға сыйынып, одан соң өз қайратына сүйеніп еңбек қылуын сөз етсе, он екінші қара сөзінде иманның үнемі күзетшісі болу керектігін, ғибадатқа салғырттықпен емес, үнемі сақтықпен қарауын ескертеді. Он үшінші қара сөзінде «иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек» екенін нақтылай түседі. Сондай-ақ он алтыншы, он жетінші, жиырмамыншы, жиырма сегізінші, отыз төртінші, отыз алтыншы, қырық бесінші қара сөздерінде иман мен риясыз құлшылық ету, тағдыр мәселесі, ғибадат, бауырмашылдық, ұят, адамшылық тұрғысынан тұшымды ойларды ортаға салады.

Абай қырық төртінші сөзінде талаптың шарттары туралы айта келе, «...адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнешік орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңілі іздеп тұрады. Біреулердің ісі алға баспай жатса да «бәрекелдіні» қажетсінуі – мақтаншақтықтың белгісі» дейді. Сонымен қатар көкіректі тазалау деп Абай білімге ынта қоюшылықты емес, адамшылықты айтады. «Адамшылығы мол жан – ақын ұғымында көкірегін тазартқан адам, ондайдың талабы да таза. Осындай адамдардың ісіне сүйсініп, «бәрекелді» десек, жағыну да, қолпаштау да жоқ, үлкендікті әділ бағалау бар» [7, 382 б.].

Абай ғибадаттары жаңа заман лебіне сәйкес жаңа мазмұнмен толықтырылып, қоғамдық сананың жаңғыруына қызмет ете беретіні анық. Ұлы ойшылдың қаламы тербеген туындылар әлем жұртшылығының рухани қазынасына айналары да хақ. Өйткені біздің рухани сеніміміздің тұтқасы – данышпан Абай!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұртбай Т. Абай – біздің ар-ождан кепіліміз // «Абай және рухани мұра» халықаралық конференция материалдары жинағы, Нұр-Сұлтан, 2020 жылғы 8 сәуір. – 142 б.
2. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер мен аудармалар. Бірінші том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336 б.
3. Мырзахметұлы М. Абай мұрасының рухани көздері // Абай Құнанбайұлы. Ұлы дала тұлғалары. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 500 б.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 310 б.
5. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. Екінші том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336 б.
6. Абай. Энциклопедия. / Бас ред. Р.Нұрғалиев – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
7. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.

ӘОЖ 1751

ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Раисова Мадина Маратқызы

Madinaraissova_99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті «қазақ тілі және қазақ әдебиеті»
мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р.Тұрысбек

Зейнолла Сәнік өзінің «Абай танудың алғашқы дуандары» атты көлемді мақаласында абайтанудың бастау көздеріне тоқталып өтеді. Сондай-ақ абайтанушы ретінде алғаш зерттеу

жүргізген шетелдегі қазақ әдебиетінің өкілдеріне тоқталып, олардың кейбірінің өлең құрылысындағы ұқсастықтарды салыстыра көрсетеді. Сол мақаланың мазмұнына тоқталып өтер болсақ.

«Абайдың тірі кезінде арнаулы жинағы шығып баспа бетінде жарияланғанымен, оның атақ-даңқы қазақы жолмен мұқым қазақ сахарасына жетіп үлгірген. Өз кезінде ел билеген көсем, жұртқа жөн айтқан шешен ретінде де оның жалпы жамағатқа үлгі-өнеге шашып, бар қазақатаныла бастағаны мәлім, Абайды төңіректеген ақындардың айтысынан да осындай бір сарынды аңғаруға болады» [1, 86-б.] дей келе жазушы ақын Кемпірбай мен Көкбайдың айтысындағы мына бір өлең жолдарына тоқталады:

«Үлгілі сөз тараған талайдан да,
Құр өлең сөз болмайды қарайғанға.
Мәнерлі қандай ғылым ұқтырады,
Ғибрат алмадың сен Абайдан да.
Бойында Құндыздының көрдім жүзің,
Кеудеңде сақтамалсын Абай сөзін».

Осының өзінен біз сонау Абай заманының өзінде-ақ абайтанудың басталғандығын, Абай сөзін көкіректе сақтап, онан ғибрат алуды Абай дәуірінде жасаған ақындардың да ұғып білгендігін көруге болады. Бәлкім, Абайдың ықпалы болса керек, Абай дәуірінде ақындар көп шыққан. Осылайша Абайдың атағы өзі көзі тірісінде дүйім жұртқа мәлім болғанына бірнеше айтыстан үзінді келтіреді. «Сауық көңілді болайық» деп Абай ақындарды бір-бірімен айтыстырып, ақындық өнерді жетілдіріп отырған. Кемпірбай мен Көкбай ақынның айтысы нақ осының дәлелі. Сол себепті болса керек, бір қыдыру айтыстардың өресі едәуір жоғары шыққан. Мысалы, Быдыхан мен Айсары, Көкенбала айтысында мынадай жолдар кездеседі:

Быдыхан:

«Елімде Ақтайлақпен он жеті ақын,

Көтерген көңілдерін құрметтеп ел» – дегенде Айсары мен Көкенбала соларды бірден атауды талап етеді. Сонда Быдыхан ақын:

«Жақыным, жамағатым ақын Түбек,
Жырлары жұрт аузында жатыр түнеп.

Сабырбай, Көшкінбай мен Сұртай, Жылтыр,

Жанұзақ жыр шыңына ұшқан түлеп» – деп келіп, сол он жеті ақынды бірден атап, ақындық өнерлерін құлаштата жырға қосады. Атақты Ақтайлақ бидің Бөжейге нағашы болып келетіні тарихтан мәлім. Ендеше төсекте басы, төскейде малы қосылып жататын осы елдердің арасынан ақынның көп шығуын және «жырлары жұрт аузында жатыр түнеп», «Жанұзақ жыр шыңына ұшқан түлеп» деген сияқты жазба әдебиетке тән жыр жолдарының дүниеге келуін, әрине, Абайдың үлгі-өнеге болуынан бөле қарауға болмас.

Жазба әдебиетте Абайтану мәселелері 1905 жылдан басталады дейді жазушы. Оны бастаған қазақтың белгілі қоғам қайраткері, қаламгер Әлихан Бөкейханов. Ол 1905 жылы «Семей хабарлары» атты орыс тілінде шығатын газеттің 250, 252-сандарына «**Абай (Ибраһим) Құнанбаев**» деген көлемді мақала жариялап, Абайдың тегін, өсу жолдарын, еңбектерін, өмір кезеңдерін, даналығы мен қазақ әдебиетіндегі ұлы орнын егжей-тегжейлі баяндаған. Ол: «Абай 14 жасынан бастап сықақ өлеңдер шығарды. 20 жасқа жеткенде Абай от тілді шешен, халық өмірі мен әдет-салтын, қазақ даласындағы атақты билердің әр істі шешкендегі төреліктерін жақсы білетін ділмар атанды. Қазақтың ғұламаларының халық аузындағы сөздерін, мақалдарын, ертегілері мен нақылдарын меңгерген», – деп жазды. Ол Абайдың араб, парсы, түрік, орыс тілдеріне жетіліп, дүние әдебиетімен танысқандығын айта келіп, Абайдың ағартушылық әдебиетіне ерекше ден қояды әрі оны «ұсақ-түйектен аулақ, оқу мен өлеңге берілген қазақ ақыны», – деп атайды. Ең соңында ол өз мақаласын: «Өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай

асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани жасампаздығын жоғарылатқан қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар едім», – деп қорытындылаған. Абай дүние салып, бір жыл өткеннен кейін жарияланған азанама ретіндегі бұл мақаланы біз Абай тануға негіз қалаған ең алғашқы зерттеу деп айтуға әбден қақылымыз, әрі бұл зерттеуде айтылған тұжырымдар мен көреген болжамдардың дұрыстығына бүгінгі күні біздің куәгер болып отырғанымызды мақтанышпен атай аламыз» [1, 91-б.] дейді жазушы Зейнолла Сәнік.

1906 жылы Американың атақты журналисі Джорж Кенанның орыс тілінде жазылған «Сібір және жер аударылғандар» деген кітабы жарияланады. Бұл еңбекті Еуропаның көрнекті ақыл-ой иелері жоғары бағалап, Абайдың орыс достары арқылы алғаш рет қазақ елінің ақыны Абай жайлы хабардар болады. 1908 жылы Орынборда татар тілінде шығатын «Уақыт» газеті *«Ибраһим ибн Құнанбаев»* деген мақала жариялап, оны: «Лермонтовқа іңкәр болып орыс әдебиетінің гүл шоқтарын өз тілінде сайратқан ұлы ақын аталып бұдан төрт жыл бұрын дүниеден қайтқан» қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа машһүр етті», – деп бағалаған әрі бір топ өлеңдерін аударып жариялаған.

1909 жылы қазақтың алғашқы зиялыларының бірі Зейнеддин ибн Әміре есімді адам Уфа қаласында «Әдебиет қазақия» деген мақала жариялап қазақтың әдебиетін, тіл өнерін таныстыра келіп, үлгі ретінде *«Тобықты Ыбырай марқұмның»* бір топ таңдаулы өлеңдерін жариялады. Сол жылы Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтың құрастырып дайындауы бойынша Әлихан Бөкейхановтың көмегімен Санкт-Петербург қаласында Абайдың алғашқы жинағы жарық көрді. Абайдың жалпы жамағатқа толық танылуы, Абай мұраларының толық жиналуы тұрғысынан мұның баға жетпес рөлі және ықпалы болды. Абайтану жұмысы да жалпы халықтық науқанға айналып кетті.

1913 жылы «Қазақ» газетінің 40 және 43-номерлерінде Ахмет Байтұрсыновтың *«Қазақтың бас ақыны»* деген көлемді еңбегі жарияланады. Ол Абайдың ата-тегі мен өмірбаяның баяндай келіп: «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам басқа ақындардың сөздеріндей емес, сөзі аз, мағынасы көп, терең», – деп Абай өлеңдерінің ерекшелігін, жоғары сапалы, бай мазмұнды, бірден түсіне қою қиын өлең екендігіне талдау жүргізген. Оның зерттеуінше, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын берген, сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайдан өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады.

Демек, Ахаң сол кездің өзінде-ақ Абай өлеңдеріндегі даналық теңізіне терең бойлап, ондағы үлгі-өнегенің сан алуан түрлерін жетік зерттеп үлгерген, Абай өлеңдерінің бұрын қазақта жоқ биік белес, зәулім өре екенін танып жеткен, «Абай сөздері дүниеде қалған қазаққа зор бақ» деп қараған, өлең сөздің 3 түрлі алтын тұғырын алға қойып, Абайда соның бәрі болған деп аса терең ғылыми тұжырым жасаған. Осы газеттің 43-нөмірінде жариялаған мақаласында ол Абайдың мол білім иесі екендігін, «Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқығандығын», Абай шығармаларын кеңінен үгіттеп, «қазақ баласына тегіс танытып, тегіс білгізу» қажеттілігін, сондай-ақ бірден түсіну қиын өлеңдеріне түсінік жасап, газет-журналдарда жариялап тұруды дәріптеген.

1914 жылы Петроград қаласында оқып жүрген керекулік Нұқ Рамазанов деген азамат Москвада шыққан «Ашархият» деген жинаққа Абайдың өмірбаянын орыс тілінде жазып жариялайды. 1914 жылы Абайдың дүниеден өткенінің 10 жылдығын еске түсіру қарсаңында

«Қазақ» газетінің 23-шілде күнгі 67-нөмерінде Міржақып Дулатовтың *«Абай»* атты көлемді еңбегі жарияланады. Ақын ең әуелі Абайды үлкен іңкәрлікпен сағына еске алады: «Абай қазақтың өзге оразды жұрттың бірінің ақыны болса, опатына 10, 25, 50, 100 жыл толған сайын бетін жұрт ескеріп, матбұғаты қайнап, есімін мәңгіге қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайларды ашар еді», – деп армандайды. Сондай-ақ ақын: «Абай өлеңдерінің қолжазбасын ең әуелі 1904 жылы Ахмет Байтұрсыновтың қолынан көргенін айта келіп, Абай шығармалары мен Абайтануға қатысты мақалаларға шолу жасайды. Орыс халқы Ломоносовты өздерінің бірінші жазушысы деп білгені сияқты біз де Абайға сол көзбен қарауымыз тиіс», – дейді. Семейде ашылған Абайға арналған алғашқы әдебиет кешін өте жоғары бағалап, осындай игі істі онан ары жалғастыруды, «әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзін» қадірлеп, құрметтеуді дәріптейді. Ақын ғалым өз мақаласын: «Абайдың өлген күнінен қаншалық алыстасақ рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмыс, халық ағарар, өнер-білімге қанар. Сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі-жиі зиярат етер, халықпен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көреспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар», – деп тамаша ойын жеткізеді. 1914 жылы қаңтардың 25-күні Семей қаласының жиналыс залында Абай дүние салғандығының 10 жылдығына арналған алғашқы әдеби кеш өткізіледі. Кешке орыс және қазақ қауымы болып көп адам қатынасып, залға сыймай қалады. Әдеби кеште «Н. Құлжановтың жамағаты Нәзипа ханым Абайдың Әлихан Бөкейханов жазған ғұмырнамасын (орыс тілінде) оқиды, Абай әндері шырқалып, Абай өлеңдері оқылады, Абай өлеңдері оқылғанда талай қазақтың көзінен жас мөлдіреді», – делінген бұл жазбада. Бұл хабар «Айқап» журналының 1914 жылғы 4-санында жарияланған.

1915 жылы «Қазақ» газетінің 28-наурыз күнгі хабарына қарағанда, 1914 жылы қаңтардың 26-күні Семейдегі саудагерлер клубында Абайдың қайтыс болғандығының 10 жылдығына арналған әдеби кеш өткізіледі. Кешті Райымжан Мәрсеков басқарып ашады (Райымжан Мәрсеков қазақтың алғашқы ағартушыларының бірі, кейін Жүңго жеріне – Шыңжаңға өтіп, ағарту жұмысымен шұғылданып 1930 жылдардың соңында Шың Шысай жағынан өлтіріледі. - З.С.), қазақ қыздарынан шыққан алғашқы журналист, педагог Нәзипа Құлжанова «Қазақ ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбаев» деген тақырыпта баяндама жасайды. Сахнада «Біржан-Сара» айтысын өткізеді. Біржан ролінде Жүсіпбек Аймауытов, Сара ролінде Тұрар Қозыбағарова шығады. Әдеби кешке Жақия қажы, Қаражанбай сияқты қазақтың білікті адамдары да қатынасады. 1918 жылдары мен 1921 жылдар аралығында Орта Азия мен Қазақстанда баспа орындарын ұйымдастыру жұмыстарына басшылық істейтін Нәзір Төреқұлов, ағартушы, тілші ғалым Телжан Шонанов және Мағжан жағынан «қазақ поэзиясының жас пайғамбары» атанған Бернияз Күлеев деген азаматтар «Қазақ» газеті мен Ташкентте шығатын «Ақжол» газетіне арт-артынан мақала жариялап, Абай кітабын бастыру, Абай мұраларын жинау, зерттеу тұрғысынан көп еңбектенеді, «Қиналып тұрмыз, Мекайыл, Тұрағұл Абай балалары, Шәкерім ақсақал, Әлихан аға, Мұхтар Әуезов сияқты Абай жайын білетін хәм қазақ әдебиетінің көркейуі жолында еңбек етіп жүрген басқа азаматтардан асығыс жәрдем сұраймыз», – деп еміне қалам тербейді олар. Сөйтіп Нәзір Төреқұловтың көмегімен 1922 жылы Абай өлеңдерінің 3-басылымы Ташкент қаласында жарық көреді.

1918 жылы Семейде «Абай» журналы шыға бастайды. Алғашқы санына Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтың *«Абайдан кейінгі ақындар»* деген зерттеулері, 2-санына тағы осы екі автордың *«Абайдың өнері хәм қызметі»* деген мақаласы, 1922 жылы «Шолпан» журналының 4-5-сандарына Мұхтар Әуезовтің *«Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі – Абай әдебиетінің басшысы»* деген үлкен ғылыми мақаласы жарияланады. Осы ғылыми еңбектерінде Мұхтар Әуезов Абай және оның шығармашылық еңбегі жөнінде, Абайдың аржақ-бержағындағы әдебиет аспанының жұлдыздары жөнінде өз халқына аса мол мәлімет береді. Бірақ бір қызығы

олар алғашқы екі мақаланы «Екеу» деген бүркеншік атпен, соңғы мақаланы «Қоңыр» деген бүркеншік атпен жариялаған. Мұның себебі, бәлкім мынадан болар: 1920 жылдардың бас шенінен тартып Абай туралы кереғар пікірлер пайда болып, солақай саясат үстем орынға шыға бастайды. Бұлардың бүркеншік ат жамылуына осы жағдай себеп болған сияқтанады.

1923 жылы 8-мамырда «Тілші» газетіне Ілияс Жансүгіровтың *«Абай кітабы»* атты мақаласы жарияланады. Автор өз мақаласында ең әуелі Ташкентте Абай кітабының 3-рет басылым көргеніне үлкен қуаныш білдіреді, онан соң артық-кемшілігін саралап дұрыстаушыдан (редактордан) кеткен олқылықтарды бір-бірлеп көрсетеді. Онан соң «жалпы түрік ұлттарының ішінде шүбәсіз сара тілдісі – қазақ-қырғыз. Абай, міне, сол таза (сара) қазақтың баласы» дей келіп Абайдың тіл байлығына, сөз саралауына, тіл шеберлігіне ерекше ден қояды. Абай мұраларының жиналмай, реттелмей жатқанына қынжылып, бұл тұрғыда «Шәкерім, Мұхтар, Мағжан, Әлихан, Ахмет сияқтыларды бұл жолға үндеу керек» – дейді. Сонымен бірге Абай тануға кереғар пікірлерді сын тезіне алып: «салпан Сәбит Абайды жуан жұдырық деп, қара тақтай ұстап, бақырып отыр» – деп ажуалы сөгіс жариялайды.

1923 жылы мен 1924 жылы Абайдың дүниеден өткенінің 20 жыл толу қарсаңы еді. Сол кезде Семейдегі орыс география қоғамы бөлімшесінің орынбасары болып істейтін Мұхтар Әуезовтың күш салуымен Абайға арнап екі күн бойы әдеби кеш, мереке, ойын-сауық өткізіледі. Бірақ, бұл жайлы баспасөзде ешбір әңгіме болмайды. Дәл осы кезде Ташкентте шығатын «Ақжол» газетінде екі үлкен ғылыми мақала жарияланады. Оның біріншісі – Абай мұрасының көрнекті зерттеушісі, Ташкенттегі Орта Азия университетінің профессоры Ғабдрахман Сағидың *«Абай»* атты көлемді мақаласы еді. Мақала 1923 жылғы «Ақжол» газетінің 6-санына бөлініп жарияланады.

Автор бұл еңбегінде Абай шығармаларының 1909 жылғы Петроградта басылған нұсқасын, 1922 жылы Қазанда басылған нұсқасын және сол жылы Ташкентте 3-рет басылған нұсқасын өзара салыстырып, артық-кемін саралап талдау жүргізеді. Ғалым Абай өлеңдерінің мазмұны, жол саны, қай жылы жазылғандығы, оның тарихи астары, тілі, табиғаты, көркемдік өресі, эстетикалық, тәрбиелік рөлі т.б. жөнінде егжей-тегжейлі тоқталып, сөзді тереңнен қозғайды. Бұл мақаланы сол уақытқа дейінгі абайтану жөніндегі мақалалардың ең көлемді әрі ең кемелдісі деуге болады [2, 188-б.].

1924 жылы Түркістан атқару комитетінің тілі – «Ақжол» газеті *«Абайдың жиырма жылы»* деген атпен «Д.А.» деген автордың мақаласын жариялады. «Бүгін маусымның 21-күні қазақ әдебиетінің атасы – атақты ақын Абайдың өлгеніне 20 жыл толды» деп басталатын бұл мақалада алдымен Абайды еске алудың маңызы, оны қадірлеп-құрметтеудің қажеттілігі туралы сөз қозғайды. Онан соң көркем әдебиет, Абайдың сол көркем әдебиетте ұстаған орны жөнінде айтылады. «Көркем әдебиет – күшті құрал» сол мықты құралды алдымен танып, жарыққа шығарып, өзінің тиісті жұмысына жұмсай білген адам – Абай» – дейді мақалада. Мұнан кейін Абайдың өлең жөніндегі өлшемдері, Абай өлеңдерінің тәрбиелік мәні, суреткерлік құдіреті, дүниелік әдебиетпен ұштасқан тұстары сөз етіледі. Мақаланың ақыры: «кестелі сұлу сөздің иесі, көркем әдебиеттің темір қазығы, өшпейтін жарық жұлдызы болған ақсақал Абайдың әсерімен қазақ баласы кімнің алдында болса да ұялмай мақтана алады. Қазынасында Абайдың өлеңіндей байлығы бар қазақ әдебиеті қандай мәдениетті халықтың әдебиетімен болсада теңесуге жарайды», – деген сөздермен аяқталады. Демек, ең алғашқы қазақ зиялыларының бәрі дерлік Абайды ардақтай білген, үлгі-өнеге тұтқан, абайтануға ат салысқан. Сол қатарда жоғарыда аты аталмаған Мағжан Жұмабаев та бар. Ақын өзінің 1912 жылы жазылған «Алтын хакім Абайға» деген өлеңінде:

«Шын хакім, сөзің алтын баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның,

Әлемнің құлағынан әні кетпес!
Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояуболған сайын

Хақім ата, тыныш бол, қадырың артар», – деп ақын өз үміт-тілегін болашаққа, ұрпаққа артып көз жұмған. Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы: «Қайран елі Абайдың қадір-қымбатын білмеді-ау!» – деп күңіреніп өткен.

Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатұлының қолына Абай өлеңдері жазылған дәптер 1903 жылы, яғни Абайдың тірі кезінде түсіп, әттең, осындай өлең жазған дана көкірек ақынды көрсек-ау, деп армандап 1904 жылы күзде Абайға сәлем бере барамыз деп уәделесіп жүргенде, Абай сол күзге жетпей, мамырдың 21-күні дүниеден өткен. Ахмет пен Міржақып арманына жете алмай «қап» деп қалған...

1925 жылдан кейін Қазақстанда солақайлық өктем орнына шығып, көп өтпей абайтануға атсалысқан осы бір үскінді топ түгел дерлік зобалаңға ұшыраған. Әлгі бір бүркеніштердің пайдасы тиді ме, жоқ басқа себептер болды ма, әйтеуір солардың арасынан Мұхтар Әуезов қана аман қалған тәрізді. Қазақ даласының кайыспас кара нары іспетті осы бір алып адам сол бір қиын-қыстау жылдарда Абай рухын көтере жүріп, ақыры 1940 жылдары елге танылған эпопеямен қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы болып әлем аспанына бір-ақ көтерілді. Осы еңбек Абайды да, Мұхтарды да дүниенің биік

шыңдарына көтерді.

Бүгін бүкіл жер шары Абайдың 175 жылын атап отыр. Аға буын аңсаған арман енді мұратына жеткендей, абайтануда тың белеске көтерілгендей болды.

Жазушы Зейнолла Сәніктің Абайтануға байланысты тағы бір көтерген мәселесі Абайдың ақындық шуағы бізге қалай жеткендігі жайлы. Жазушының айтуына қарағанда Абай Шыңжан қазақтарының жүрегінен терең орын алған адам. Қандас қазақтарға Абайға деген құрметін, сүйіспеншілігін жазушы көлемді мақаласы арқылы жеткізеді. Сондай-ақ ұлы ақынның өлеңдері қазақ халқына қалай жеткендігі жайлы бірнеше құнды пікірлер айтып, ғылыми дәлелдер келтіреді.

«Ол біздің халқымыз үшін арманның асқар шыңындай, ақындықтың, даналықтың сөнбес жұлдызындай көңіл көгінде мәңгі жарқырап көрінеді. Сол себепті ырымшыл қауымымыз өзінің жаңадан дүниеге келген перзентіне «Абай» деп есім қоюда сондай жақсы көреді. Шыңжаңда Абай есімді адамдар қаншама десеңізші! Біздің дана көкірек қарияларымыз да өзінің алғашқы сөзін «Абай айтқан екен», – деп бастауы өте орынды-ақ».

«Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз,

Ондай болу қайда деп

Айтпа ғылым сүйсеңіз», – деген сияқты Абайдың аталы сөздерін біз ең әуелі кітаптан емес, сол данағөй қариялардың аузынан естіп, құлаққа құйған едік.

Абай жырлары мен ғақлиялары халық жүрегінен қалай орын алса, оның қоңыр сазды әсем әуендері мен Абай туралы аңыз-әңгімелері де халық жүрегінен сондай терең орнаған. Қазақ сахарасын би-болыстар билеген сол бір заманда базыналықпен түнде іргеден бір қыздың шашын кесіп әкеткен жігітке түйе бастатқан «тоғыз» айып кескен билер тобы Абайдан: «сен не дейсің» дегенде «тоғыз» дегенге мен қосылам бірақ, түйе емес, «айна-тарақ бастаған тоғыз болсын» деп кесім жасапты» деген аңыз да біздің құлағымызға сол үлкендердің айтуымен жеткен еді.

Сайып келгенде, Абай біздің халқымыз үшін әділдіктің, даналықтың символы, осы заман қазақ әдебиетінің көшбасшысы, жаңалықтың жаршысы, ақындардың пірі ретінде танылған адам. Сол себепті ғұлама ғалым Нығмет Мыңжани «Қазақтың қысқаша тарихы» деген еңбегінде: «Абай Құнанбайұлы шын мәнінде қазақ әдебиетінің классигі болды. Қазақ әдебиетін

идеялық мазмұн жағынан да, көркемдік түр жағынан да байытып, шын жаңа белеске көтерді. Абай ақындық дарынымен қатар кемеңгер ойшыл, философ, ағартушы және қазақ ақын-жазушыларының ұстазы болды», [1, 625-б.] – деп жазды.

Қазақ тарихы мен мәдениетін көптен бері зерттеп келген ханзу ғалымы Су Бихай «Қазақтың мәдениет тарихы» деген қомақты еңбегінде Абайдың өмір жолына, философиялық тұжырымдарына және ақындық дарынына егжей-тегжейлі тоқтала келіп: «Абай қазақтың байырғы мәдениетін кеңінен меңгеріп ғана қалмастан, араб, парсы, шағатай тілдеріндегі халық әдебиетінен де кеңінен сусындаған, шығыс әдебиет тарихындағы алыптар Фердауси, Сағди, Низами, Хафиз, Науайы шығармаларымен танысып ғана қалмастан, орыстың және Еуропаның ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой, Дарвен, Шекспир шығармаларын да оқып орасан зор, керемет бай білімнің иесіне арналған.

Сондықтан ол ұлы ақын, философ ғана емес, сонымен бірге ұлы отаншыл, әйгілі мемлекет қайраткері, көрнекті демократ. Ол қазақ сахарасының алып сұңқары іспетті адам. Ұл Орта Азия қазақ сахарасында, мейлі Жұңгода немесе Совет Одағында болсын (кітап 1989 жылы жазылған) тұқым қазақ халқы Абайды керемет құрмет тұтады әрі оны қызу сүйеді. Қазақ халқы Абайдай ұлы ақынын өзіне мақтаныш тұтады» [12, 461]– деп жазады. Міне, бұл миллиардтар елі мойындаған шындық. Сол тілде сарнап тұрғаны ақиқат.

Олай болса Абай шығармалары біздің елімізге қалай таралған және халық жүрегіне қалай ұялаған? Біз бұған жауап ретінде төмендегідей дәлел келтірмекшіміз дейді жазушы.

1. Әр халықтың әдебиетінің әр түрлі таралу және сақталу жолы болады. Мысалы, ханзулар өз әдебиетін жазба әдебиетке сүйену арқылы таратады және сақтайды. Ал, қазақтар ауыз әдебиетіне сүйену арқылы өз әдебиетін таратады және сақтайды.

Мұндай жолдың өзінің артықшылығы да, кемшілігі де бар. Оның ауыз толтырарлық артықшылығы – мұндай жолмен, яғни ауыздан-ауызға таратып, құлақтан-құлаққа құйып, онан адамның көкірек қамбасына апарып сақтау жолымен таралған әдебиеттің қамтитын көлемі тең болады, ол қазақтың елу құлағы арқылы таудан-тауға, тастан-тасқа самғап кете барады.

Барған жерінің бәрінде көкірек қамбасына құйылып, сол арқылы әр көкіректі алтын қамбаға айналдырады да ақыры халқымызды ақын халық, алтын мұраның иесі етіп шығарады. Халқымыздың сан ғасырды қамтып жататын бай шежіресі, асыл әдеби мұрасы ғасырдан-ғасырға осылай жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа табыс етіліп келген. Абай шығармалары да міне, осы жолмен, яғни жазба әдебиеттен ауыз әдебиетінің жолына түсіп барып ауылдан-ауылға, елден-елге тараған. Сол себепті ол бүкіл қазақ сахарасының түкпір-түкпіріне дейін өзінің ақындық шуағын шашып, мөлдір жырымен барша қазақ қауымын сусындатып, оның есімі киелі есім ретінде әр кеуденің төрінен орын алған.

2. Абайды көрген, көрсе де Абай поэзиясының ықпалына ұшырап Абайдан үлгі алған ақын-жазушылардың, ағартушылардың үлкен бір тобы 1920-1930 жылдар аралығында ілгерінді-кейінді Қазақстаннан біздің елімізге келді. Бұлардан арасында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ыбырайымбай Марсақов, Шерияздан Марсақов, Жүсіпбек Қожа Шайықсыламұлы, Әсет Найманбайұлы, Әріп Тәңірбергенов, Арғынбек Апашбайұлы, ақын Жанұзақ, Зият Шәкәрімұлы т.б. болды. Бұлардың бір бөлігі кейін өз еліне қайтып кетсе де, енді бір бөлігі осы жерде, атап айтқанда, Шәуешекте, Құлжада, Алтайда, Үрімжіде және басқа жерлерде тұрақтап қалып мәдениет-ағарту жұмысымен шұғылданды. Солардың ықпалымен сол 20-30-40 жылдарда бүкіл Шыңжаңның қазақ аудандарында үлкен ағарту науқаны өрістеді. Үкірдай – зәңгілердің өздері бас болып мектеп салдырып жаппай бала оқыту жұмысын ұстап, қараңғы елдің көкірегіне білім шырағын жақты. Абай туын биік ұстап, Абайды үлгі еткен сол бір ардагер азаматтар оқушыларға Абайды әліппемен бірге оқытты деседі болады. Сол кезде оқушы болып бұл күнде қаусап отырған қариялардың көбі-ақ Абайды, Абай өлеңдерін солардың аузынан естігенін, Абай туралы алғашқы сабақты солардан алғанын

айтады. Оқытушы болып жүрген сол азаматтардың өз бастарын қара қазандай қайғы-қасірет торлап өміріне күн сайын қатер төніп тұрса да халыққа білім беріп, бала тәрбиелеудегі игі істерін тонатпаған. Солардың бірі – Зият Шәкерімұлы еді.

Әйгілі тарихшы, ақын Шәкерім қажы атылғаннан кейін оның ұрпақтарының соңына қуғын түседі. Туған жерінде тұрақтай алмаған Зият Шәкерімұлы 1931 жылы күзде керей Шақантай батырдың ұрпақтары Жабағытай, Кенжебек бастаған 300 адаммен бірге Шәуешектің Бақты шекарасынан өте бере атыс болып Жабағытайдың інісі Кенжебек оққа ұшады да бұлар арып-ашып, қан жоса боп жүріп Шағантағайдағы Мәмбет Иса қажы Сонабайұлының ауылына әрең жетеді. Сауап үшін аш-арыққа бола арнайы қазан асқан қажының қайырымдылығы бұларды аштықтан арашалап алады. Сондықтан ақын Зият:

«Мәңкей тәуіп етіп барған қажы,
Мешіт пен медресе салған қажы.
Аш-арық адамдарды тойындырып,
Көз қырын мүсәпірге салған қажы.
Амалын екі әлемнің бірден ойлап,

Сауабын дүниенің алған қажы» – деп жырлайды. Осыдан соң Зият бір мезгіл Дәрбілжіңде мұғалім боп істейді. Кейін Жабағытай бір мезгіл Дәрбілжіңде тұрақтап қалады да Зият Алтай бетіне өтіп, сол елдің игі жақсыларымен танысып, оқытушылық, ақпараттық жұмыс атқарып едәуір тыныстап қалады. Сонда да ол басындағы қайғысын айтып, күңіреніп жүреді:

«Қажы еді әкем кәрі шал,
Жетпіс үште жасы бар
Сүйегің қалды қиырда-ай,
Басыңа халқың жиылмай.
Туысқан, бауыр, балаңнан,
Топырақ қолдан бұйырмай.
Мен кеттім жан сауғалап өз бетіммен,
Туысым түрмеленді бір шетінен.
Жат елге келседағы құр сүлдерім
Қайғыға батып жүрген мен шерлімін.
Атаның аруағын сыйлаушы көп,
Риздық болды маған атақ-даңқы.
Абай мен Шәкерімді көрмесе де,
Оларды қадірлейді керей халқы.
Ойшылдар, оқымысты мұнда да бар
Шәріпқан, Мәңкей, Мұқаш, Баймоллалар».

Міне, осы өлеңнің өзінен оған қамқорлық жасаған кең қолтық халық, ондағы игі жақсылар, Зият басындағы мұң мен шер, қайталап оқысаң қабырғанды қайыстырады. Абай мен Шәкерімнің бұл жақтағы ел жүрегінен әлдеқашан орын алғандығын, сол жақсы әкелердің атақ-даңқының өзіне ризық болғанын да сағынышпен еске алады. Сөйткен азаматқа ақыры Алтай да пана болмай Еренқабырға өңіріне өтіп, бір мезгіл Самарқан төренің ауылында тұрады. Кейін, 1934 жылға келгенде ол атақты Бөкенші бидің ұрпағы Нәзір Омарұлымен бірге Баймолданың ұйымдастыруымен Шыңжаң газетінің қазақшасын шығару жұмысына кіріседі. Содан тағы да артына қуғын түсіп, 1937 жылы Үрімжіде тұтқындалып, түрмеде өледі. Осындай тағдыр ағайынды Марсақовтардың және басқалардың басынан да өткен болатын.

3. 1930-1940 жылдар аралығында Шыңжаңда қазақ тіліндегі баспасөз жұмысы да едәуір дамушылыққа қол жеткізді. Шәуешек, Құлжа, Алтай, Үрімжі қалаларында қазақ тілінде шығатын газет-журналдар дүниеге келді. Бұлар арт-артынан Абай шығармаларын жариялап, Абайды кеңінен таныстырып отырды. (*Айтқали Кенбайұлының «Зият Шәкерімұлы» деген*

мақаласынан). Тіпті 1948 жылы Үрімжідегі Шыңжаң газеті баспа заводында «Абайдың таңдамалы шығармалары» басылып шықты. Азаттықтан кейін бұл жақтағы жұмыстар онан ары дамытылды. «Абайдың таңдамалы шығармалары» әлденеше рет басылып, таратылды. Абайдың ғақылия сөздері, Абай туралы зерттеулер жарияланды. Абайдың өмірі мен еңбектері қазақ мектептеріне арналған оқулықтарға енгізілді. Абай туралы арнаулы лекциялар ұйымдастырылып, Абай Құнанбайұлы қазақ әдебиетінің атасы ретінде аталып, ардақталды. Абайдың ұлылығын танытатын «Абай» эпопеясы да Үрімжіде баспадан шығарылып, көпшілікке ұсынылды. Абай шығармаларының бір бөлімі ханзу тіліне және басқа туысқан ұлт тілдеріне аударылды. Осының бәрі Абайды жазба әдебиеттен көріп жан-жақты түсінуге, Абай шығармаларымен толық сусындап, онан мол рухани нәр алуға қолымызды жеткізді.

4. Біздің ақын-жазушыларымыз Абайды өзінің пірі, ұстазы деп білді, Абай шығармаларынан үлгі-өнеге алып өмірді Абайша жырлауды ақындық арманы ретінде қарады, енді сөзді сол ақындардың өзіне берелік[1, 94-б.].

Осылайша жазушы Абай шығармаларының өз ел-жұртына қалай таралғаны жайлы төрт жолды ұсынады.

Жазушының деректі түрде қалам тербеген тақырыптарының бірі – абайтану мәселесі болды. Жазушының Абайға қатысты «Абайтанудың алғашқы ауандары», «Абайдың ақындық шуағы бізге қалай жеткен?» «Абайдың бала тәрбиесі жөніндегі тағылымы» атты мақалалары біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі объектісі болып табылады. Алғашқы мақалада Абайды алғаш зерттеп ол туралы мақала жазған Алаш әдебиетінің өкілдерінен бастап хронологиялық тәртіппен зерттеу мақалалары аталып өтсе, екіншісінде Абай шығармалар Шыңжаң өлкесіне қалай тарағаны жайлы бірнеше деректер келтіреді. Сондай-ақ Қытайдағы қазақ әдебиетінің белді өкілдері Таңжарық Жолдыұлы, Ақытқажы Үлімжұлы, Арғынбек Апашбайұлының Абаймен сарындас өлеңдеріне тоқталып, ұлы ақынды үлгі тұтқандығы жайлы бірнеше деректер келтірілді. Аталған соңғы мақалада Абайдың бала тәрбиесіне қатысты айтқан құнды пікірлері, бала психологиясына қатысты қозғаған өзекті ойлары жазушы тарапынан талданып жазылған. Дипломдық жұмыста соның әрқайсысына терең тоқталып, жазушы зерттеулеріндегі абайтану мәселесін толықтай ашуға тырыстық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Зейнолла әлемі. Мақалалар, естеліктер, көптомдыққа енбей қалған жазбалар, сұхбаттар, афоризмдер. [ред. алқ.: Н. Оразалин, жауапты ред. К. Құныпияұлы [ж.б.]]. – Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2017. – 424 б.
2. Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. ред. алқ.: Н.Оразалин, К. Құныпияұлы (жауап. ред) [ж. б.] Т.13. – Алматы, 2017. – 422 б.
3. Сәнік З. Сөз– ғұмыр. [құраст.- ред. Қ. Ә. Бәкір]. – Алматы, 2017. – 299 б.
4. Орда, Г. Тарихи сана таразышысы: Жаназық // Айқын апта. – 2016. – №77. – 27 мамыр. – 21 б.. ISSN
5. Сәнік З. Қазақ этнографиясы / З. Сәнік, Ж. Зейноллақызы. – Алматы: Ан-Арыс, 2016. – 575 б.,
6. Жұртбай, Т. Дәнекер тұлға. // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 15 сәуір. ISSN
7. Шарахымбаев Б., Дүйсен Қ. Құрлықаралық Ақтабан шұбырынды немесе оқшау тағдырла. //«Әдебиет айдыны». – 2008. – 11 қыркүйек. ISSN
8. Хамзақызы Ш. Екі томдық шығармалар жинағы [ред. алқ.: Н. Оразалин [ж. б.]] . – Алматы : Ан Арыс, 2017 . – 223 б.
9. Сәнік З. «Тұғырыл хан». «Демежан батыр». Тарихи эсселер, ғылыми зерттеулер. – Алматы: «КАЗ ақпарат», 2005. – 269 бет.
10. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 399 б.

11. Бабалар сөзі: «Жүз томдық». Т.25. – Астана: «Фолинат», 2005. – 408 б.
12. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Шыңжаң, 1987. – 350 б.
13. Бихай С. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2013. – 495 б.
14. Жолдыұлы Т. Таңдамалы шығармалары. Т.1. – Үрімші, 1995. – 156 б.

ӘОЖ 1751

Е.МЫРЗАХМЕТОВТЫҢ «КӨГАЛДАЙДЫҢ КӨКШАҚПАҒЫ» ПОВЕСІ: ТАҚЫРЫПТЫҚ-СЮЖЕТТІК ЖЕЛІСІ, КӨРКЕМДІК-ТАРИХИ СИПАТЫ

Садвакасова А.А.

Sadvakasova_aizhan_98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің ІІ-курс магистранты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кемеңгер Қ.Р.

Көкшетау өңіріндегі тарихи тұлғалар жайлы зерттеу жүргізіп, еңбек жазған жазушылардың бірі - Е.Мырзахметов. Қаламгердің Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай туралы жазылған еңбектері баспасөз беттерінде жарық көріп, қазақ әдебиетінің тарихында маңызды орын алды.

Сондай еңбектердің бірі - Балуан Шолақ туралы 1984 жылы жазылған «Көгалдайдың көкшақпағы» повесі. Бұл повестте Балуан Шолақтың ел арасындағы атақ-даңқы, мінезі, тектілігі жан-жақты сипатталады. Повесть балуан өмірінің бір кезеңін ғана қамтиды. Шығармада спортшымен қатар совет үкіметінің большевигі Сабыр Шарипов туралы баяндалады. Бұл туынды 1917-1919 жылдар аралығындағы елде орын алған революциялық көтеріліс жайында хабар береді. Ел басына түскен қиындық, аумалы-төкпелі заман, адамдардың екіжүзділігі, елі үшін еңбек еткен ер - бұның бәрі повестте айтылатын негізгі мәселелер.

Шығарма Балуан Шолақтың алыстан келе жатқан екі салт аттыны көруімен басталады. Ол аңғарымпаздығымен екеуінің жүрісінде бір гәптің барын түсінеді. Жарты жолдан жаяу келген қайыршыны бірден таниды. Өз түрін барынша жасырмақ болып, қайыршы кейпінде келген Сабыр балуанға шынын айтуға жүрексініп, танымағандай кейіп танытады. Алайда бір көрген адамын ешқашан ұмытпайтын Балуан Шолақ қайыршының кейпінен Сабырды бірден таниды.

Повесть сюжеті екі жыл артқа шегініп, Балуан мен Сабырдың таныстығы жайында баяндайды. Оқиға Балуан Шолақтың 1917 ж. Көкшетау базарына келуімен басталады. Автор базардың балуан өміріндегі маңызына да тоқталуды жөн көреді. Балуан үшін кез келген базардың орны аса маңызды. Өйткені, Карон балуанды жеңіп, атақ-даңқың шығарып, атын жұртқа мәшһүр еткен күрес осы Көкшетау базарында өткен еді.

Жұрттың бәрі Балуанның ерлігіне, өнерпаздығына тәнті болып, жүрген жерін аңдып, әңгімесін тындауға құмар еді. Сондай бір жиында Сабыр Шарипов та өнерпазбен кездесуге бір өтінішпен келеді. Бәрін біліп жүретін өнерпаз Сабырды көрмегенімен де, атына сырттай қанық болды. Ол Сабырды оқыған, қазақ арасына сіңіп кеткен ноғай, Көкшетау большевиктері басшыларының бірі деп білген. Сабырдың батыр ағасына айтқан бұйымтайы - совдеп басшыларының ұйымдастырып жатқан жиналысына келіп қатысу. Бұл бұйымтайдың мағынасын өнерпаз бірден түсінді. Халық алып тұлғамен кездесу үшін кез келген жерге баруға дайын еді. Балуанға жасалған бұл ұсыныстың мәнісі де сол еді, өнерпазды шақыру арқылы жиынға көп халықты қатыстыру [1; 25].

Батыр аға осыдан кейін совдептің бір емес, бірнеше жиналысына қатысып, ел ішінде орын алған оқиғалармен таныс болып, большевиктердің атқарып жүрген жұмысына ризалығын